

# Еңбегі еленуін ауыл кұптайды



Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынов: «Ел бүгіншіл, менікі ертең үшін», - деп, әр қазақты келешек үшін жұмыс істеуге үндеген ғой. Расында да, жүрегінде оты бар, көкірек көзі ояу азаматтың өзін тәрбиелеген, оқытқан ел-жұрты алдында парызы болады. Сол парызын өтей білсе, өмірі ұрпаққа өнеге, жасаған ісі өшпек емес. Осыдан он жыл бұрын дүниеден өткен Қажыбек Алғамбаров Ертістің Павлодар өңіріне танымал, шоқтығы биік азамат еді. Өз заманының адал перзенті, оқыған-тоқығанын ел игілігіне жарата білген Қажыбек аға жас

1987 жылға шейін мұғалімдік қызметін жалғастырады. Бүкіл ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған ұлағатты ұстаз 1956 жылы Семей педагогикалық институтының физика-математика факультетін тәмамдаған.

Қажыбек қарияның Шідерті негізгі мектебі тарихында алар орны ерекше. Қайраткер азамат осы білім ордасының қалыптасуы, дамуы, өркендеуіне қажыр-қайратын жұмсады. Білікті басшы мұғалімдердің бірнеше буынын бір мақсат жолына жұмылдыра білді. Аға буын: Қапан Сөйітжанов, Мұхамеджан Ахметов, Жамсап Жұмалин, Жашира Төлеубаева, Абай Әубәкіров, Бабылбек Смайылов, орта буын Жақан Досжанов, Сағат Манабаев, Ермек Демешов, кейінгі буын: Шідерті мектебі түлектері Несіп Ахметова, Жәмкеш Ахтанбаева, Сәмет Зайырбаев, Мержақып Әбдрахманов, Жаңыл Қорғанбаева, Қалымбек Айтымаев, Жамал Айтымаева, Қайыржан Жүсіпов және т.б. мұғалімдер мектептің жүрегі болды.

Қажыбек Алғамбаров қызмет істеген қырық жыл ішінде ауыл мектебінен қаншама білімді шәкірт өмірге қанат қағып, кейінгі жылдары аймақ пен өңірдің гүлденуіне өз үлестерін қосты. Солардың арасында Қажыбек қария мен бәйбішесі Жағиша Бейсембайқызының он бір перзенті де тәлімді тәрбиесі, білім-парасатымен көрініп, ата-анасының үміті мен сенімін ақтай білді. Бір ғана жарқын мысал. Қажыбек марқұмның ұлы Манат

ұрпаққа тәлімді тәрбие, терең білім беру ісіне ұшан-теңіз үлес қосқан ұлағатты ұстаз болатын.

Қажыбек Алғамбарұлы 1919 жылы Баянауыл ауданы Ақмектеп ауылында туған. Анасы Алтыншаш Сарбасқызы қайтыс болғанда небәрі төрт жастағы бала әуелі ауылда, содан соң Павлодар мектеп-интернатында оқып, жетіжылдық білім алады да, 1936 жылы педагогикалық училищеге түседі. 1939 жылы оқу орнын үздік дипломға бітіріп, Ертіс кенті мектебінде мұғалім болады.

Соғыс басталған 1941 жылдың желтоқсан айында майданға алынады. Алматы қаласында жасақталып жатқан 105-ші атқыштар дивизиясының барлаушылар ротасына түседі. 1942 жылы Москва, Смоленск бағытындағы шайқастарға қатысады. Жау шебінен тіл әкеліп, «Ерлігі үшін» жауынгерлік медалімен наградталады.

1943 жылдың қаңтарынан бастап жас жауынгер Пенза қаласындағы артиллеристер училищесінде оқып, 1944 жылы лейтенант шенін алып, 3-ші Белорусь майданындағы 3-ші артиллерия дивизиясы полкінде батарея командирлігіне тағайындалады. Ол Белоруссия, Польшаны азат ету ұрыстарына қатысады. 1945 жылы 21 наурызда Кенигсберг түбінде ауыр жараланып, ұзақ емделеді де, 1945 жылы тамыз айында елге қайтарылады.

Отан соғысында көрсеткен ерлігі үшін Қажыбек Алғамбаров Қызыл Жұлдыз, I, II дәрежелі «Отан соғысы» ордендері және көптеген медальмен марапатталған.

Майдандағы жарақатынан толық айықпаған жас жігіт Шідерті колхозы кеңсесіне есепші болып орналасады. Ал 1947 жылы сүйікті ұстаздық қызметіне оралып, Шідерті жетіжылдық мектебіне директорлыққа тағайындалады. Келесі жылы мектеп сегізжылдық болады да, Қажыбек Алғамбаров 1947-1953 жылдары сол мектепті, 1953-1956 жылдары Екібастұз сегізжылдық мектебін, 1956-1981 жылдары қайтадан Шідерті сегізжылдық мектебін басқарады. 1981 жылы зейнеткерлікке шыққанымен,

Алғамбаров – қалалық мәслихат депутаты, аймаққа белгілі «Табыс» шаруа қожалығының иесі. «Құрмет» орденінің иегері Манат еліміздің, оның ішінде туған ауылы Зеленая рощаның көркеюіне сүбелі үлес қосып, әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруды қаржыландырып жүр. Жеңістің 70 жылдығы мерекесінде «Тағзым» монументін орнатқаны, мешіт құрылысына көмектескені және т.т. елжандылық үлгісі емес пе?! Ол, сонымен бірге, әкесінің көзіндей мектепке жыл сайын көмек қолын созып келеді.

Жалпы, мұндай іргелі әулеттер - ел мен жердің тірегі, жасампаздықтың жарқылы. Мұның бәрін біліп, бағалап отырған Ақкөл ауылдық округі Зеленая роща ауылы халқы, Шідерті негізгі мектебінің ұжымы бірер жыл бұрын Екібастұз қаласы әкімдігінің ономастикалық комиссиясына ауыл мектебіне педагогикалық еңбек ардагері Қажыбек Алғамбаровтың есімін беру жөнінде ұсыныс түсірген еді. Жергілікті «Отарқа» газетінде көлемді мақалалар жарияланып, жұрт тілегі қолдау тапқан. Алайда мараторий енгізілгендіктен, атқарушы билік шешім шығаруды кейінге қалдырған-ды. Енді, міне, сол мараторий мерзімі аяқталды, ендеше біртуар азаматтың атын Шідерті негізгі мектебіне беруді билік қайта қарастырса екен деген тілек бар.

**Бөкен Қызғарин, Социалистік Еңбек Ері;**

**Зайыргелді Мейрамов, «Екібастұз қаласы алдында сіңірген еңбегі үшін» белгісінің иегері, ауыл шаруашылығы саласы ардагері;**

**Несіп Ахметова, Сәмет Зайырбаев, Жамал Айтымаева, педагогика саласы ардагерлері;**

**Жаңыл Қорғанбаева, Екібастұз қалалық мұсылман әйелдері лигасы мүшесі;**

**Кәкен Қабенов, ауыл ақсақалы; Жассерік Сәдуақасов, Журналистер Одағы мүшесі;**

**Айнұр Мейрамова, Павлодар облыстық мәслихатының депутаты, «Екібастұз дауысы» - ақпараттық орталығы» ЖШС-і директоры**